

Статья мақсаты: мұнай және газ саласының маңыздылығын түсіну және Қазақстандағы мұнай және газ индустриясының дамуына анализ жасау. Қорытындылай келе мұнай және газ саласының келешекте тұрақты дамуы мен маңыздылығына тұжырым жасалды.

УДК 334.012.62/.64

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС – ЭКОНОМИКА ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Г.Н. Белібаева

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы С. Ө. Бектұрғанова

Сүлейман Демирел атындағы университет, Экономика және әкімшілік ғылымдар факультеті

Түйін

Мақалада шағын және орта бизнес саласының нарықтық экономика жағдайында экономикалық және әлеуметтік қызметі мәселелері қарастырылған. Шағын және орта бизнестің экономикалық қызметі жалпы ішкі өнім өндірісіне, оның салымдары мен экономика құрылымына әсері бәсекелік ортаны қалыптастырумен анықталады, халықтың экономикалық тәуелсіздігін нығайтып, олардың сұранысының төлем қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Кілт сөздер: Шағын және орта бизнес, Корпоративті қоғамдық жауапкершілік, «Даму» қоры, Шағын және орта бизнесті қолдаудың қаржылық құралдары.

Шағын және орта бизнес экономиканың инновациялық әлеуетінің дамуын, көптеген жаңа жұмыс орындарының пайда болуын, өндірісті ұйымдастырудың жаңа түрлерін іздеу және енгізу, сату және қаржыландыруды қамтамасыз етеді. Шағын және орта бизнес – елдің тұрақты дамуы және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуының негізі.

Шағын және орта бизнесті жан-жақты қолдау көрсету ел стратегиясының басым бағытының бірі. Президенттің тапсырмасы бойынша кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп, еліміздің бизнес әлеуетін жақсартуға бағытталған жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. 2050 жылға қарай шағын және орта бизнес ел экономикасының басымдығы болады. Бұл туралы 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Елбасының жолдауында: «Қазақстан экономикасындағы шағын және орта бизнес үлесі 2030 жылға қарай екі есе өсуі тиіс. Ал 2050 жылға қарай бұл сектор басымдықты болады», - делінген [1].

Сонымен қатар Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап өткендей: «Шетелдік және отандық тәжірибе көрсетіп отырғандай, бизнестің кәсіпкерлік палатасына шоғырлануы экономика дамуының басты маңызды факторы болып табылады. Сондықтан да Үкіметтің сенімді, құзіретті әріптесі болып табылатын жаңа ұлттық кәсіпкерлер палатасына бизнесмендердің міндетті мүшелігін енгізу мақсатты болып табылады. Бұл қазақстандық бизнесті, оның ішінде шағын және орта бизнесті де экономиканы дамытудың стратегиялық міндеттерін жүзеге асыруға кеңінен қатыстыруға мүмкіндік береді»[2].

Шағын және орта бизнес экономикада нақты белсенді, бәсекелес ортаны ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар, мемлекеттің экономикалық дамуында оның тұрақтылығының индикаторы есепті орта тапты жасақтайды. Шағын және орта бизнестің әлеуметтік міндетіне: халықты жұмыспен қамту, тұрмыс деңгейін қамтамасыз ету, адамның өмірге нық сеніммен қарау мүмкіндігін арттыру жатады. Дамыған елдердің тәжірибесі шағын және орта бизнес экономиканың даму қарқынын арттыра түсетінін көрсетеді.

Жалпы сәтті кәсіпкерлік үшін аймақтық кәсіпкерлік орта қажет. Ол орта өзіне экономикалық, қоғамдық-мәдениеттік және инновациондық орталарды біріктіреді. Осы айтылған факторларды ескере отырып, кәсіпкерліктің жетік дамуына кедергі болатын біршама басты мәселелерді атауға болады, оларға жатады:

- Ұлттық бизнестің қоғамдық ерекшеліктерін ескермеу;
- Кәсіпкерлікке кірудің қиындығы, соған байланысты кәсіпкерлік рухтың төмендеуі;
- Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру үшін қажетті ақпараттың болмауы;

○ Қаржылық жағынан қолдау мәселесі.

Бірінші мәселені талқылауға келсек, қоғамдық ерекшеліктерді ескермеудің бір мысалы капиталдың еңбектен жоғары бағалануы, яғни көптеген өндірістік салаларда шығындардың азаюы ресурстарды рационалды, тиімді пайдаланудың арқасында емес, еңбекшілердің жалақысын қысқартудың, еңбектің бағаланбауының нәтижесінде болады. Бұл, ең біріншіден, ұлттық бизнесті ұйымдастыруда ұлттық қауіпсіздікке зиян келтірумен қатар бизнестің Корпоративті қоғамдық жауапкершілік болашақ дамуына да кері әсерін тигізіп, деструктивті (destroy) күшке айналады [3]. Мұның өзі шұғыл шараларды қолдануды талап еткізеді. Бұл мәселе бойынша, «қоғамдық корпоративтік жауапкершілік» (Corporate Social Responsibility - CSR) концепциясын енгізу бірден бір дұрыс жол. Бұл концепция алғаш АҚШ пайда болып, қазір қоғам мүддесіне сай жұмыс істеуде және халықаралық «Қоғамдық жауапкершілік 8000» (SA 8000) стандарты бойынша басқарылады. Бұл стандарт экономист Л.Фиглиннің айтуынша, Қазақстан экономикасына да тигізер пайдасы зор [4, 88 бет]. Бұл концепция бизнестің: 1) мемлекетпен, 2) қоғаммен, 3) жұмыс күшімен серіктестіген қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде кәсіпкерліктің имиджі жақсарыды, еңбектік қарым-қатынастар «адами» күйге енеді, капитализация өсімі байқалады. Төмендегі кестеде ұлттық бизнесті қоғамдық бағыттау моделі көрсетілген.

2-кесте.

Корпоративті қоғамдық жауапкершілік	Еңбек қауіпсіздігі	Ұ сын ылы п оты рға н
	Жұмыскерлердің өндірістік процеске араласуы	
	«Қоғамдық жауапкершілік 8000» (SA 8000) стандарты	
	Адам құқықтарының қамтамасыз етілуі	
	Жұмыспен қамтылуға оң әсері	
	Қоғамдық мәселелерді шешуге қатысуы	
	Денсаулықты нығайту шаралары	

концепция БҰҰ-мен жоғары бағаланып, әлемнің жетекші елдерінде оң нәтиже беруде. Бұл бизнесті дамытумен қатар, тек кәсіпкерге ғана тиімділік әкелмей, жұмысшы тапты да ынталандыра түсері сөзсіз. Келесі мәселе - кәсіпкерлікке кірудің қиындығы, соған байланысты кәсіпкерлік рухтың төмендеуі. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлікті ашу үшін құжаттардың отыз шақтысы қажет, сонымен қатар ұзақ мерзімді де талап етеді. Еуропаның Бельгия, Германия, Греция, Испания, Италия, Нидерланды, Австрия, Британия дамыған елдерінде 1-2 жұмысшысы бар кәсіпкерлікті ашу үшін екі аптадай уақыт және тіркелу үшін 100 Еуро қаражат қажет. Бұндай қолайлы жағдай кәсіпкерлік ашуды ыңғайлы етумен қатар, кәсіпкерді болашақта өз жұмысын нығайтуға ынталандыра түседі. Ал біздің елімізде осыған орай жақында болған отырыста елбасымыздың айтуынша, «*Үкімет рұқсат беретін құжаттар тізбесін 30%-ға қысқарту және мемлекеттік органдарда бақылау-қадағалау функцияларын оңтайландыру бойынша жұмыстарды жалғастыру*» [5] жұмыстары жүзеге асырылмақ, ҚР Премьер-Министрі Серік Ахметовтың пайымдауынша. Бұл әрине кәсіпкерлік саласына оңтайлы әсер етпек.

Инновациялық жолды таңдай отырып, әлемдік дәрежедегі кәсіпкерлікті құруға мүмкіндік аламыз. Соңғы жылдары шағын және орта бизнес саласында өндірілетін өнім көлемі айтарлықтай артып, 2,8 трлн теңгеге жетті. Дағдарысқа дейінгі жағдаймен салыстырғанда 1,5 есеге артқан. Сонымен қатар, шағын және орта кәсіпкерлік саласында еңбек ететіндердің саны тұрақтылығын сақтады. Қазір бұл салада 1,7 млн адам немесе жұмысқа қабілетті халықтың 30 % жұмыс істеп жүр. Қазір шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 760 мың нысаны тұрақты жұмыс істеп тұр.

Өндірілген өнімдер көлемі 1498,9 млн. теңгені құрады, немесе 2010 жылға қарағанда 128,9% (1163,2 млн. теңге). Бұл көрсеткіштер бойынша, шағын және орта бизнестерден келетін табыстар жыл сайын өсуде екендігін көрсетеді. Ал ол көрсеткіштерді арттыру үшін, кәсіпкерліктің болашағын қамтамасыз ету үшін аталған шараны қолданғанымыз абзал. Сондай-ақ тіркелудің on-line жүйесін орнату да жұмысты біраз жеңілдетпек. Ал кәсіпкерлік

рухты көтеру үшін жеке компанияларды инновациялық (жаңа технологиялы, жаңа бастамалы) бағыттағы салаларды инвестициялауға ынталандыру қажет. Инновациялық дамудың негізгі формуласы - «жасай отырып үйрену» («learning by doing») [6].

Шағын және орта бизнесті ұйымдастыру үшін қажетті ақпараттың болмауы – үшінші мәселе. Ол қажеттіліктер жөнінде, экономикалық жағдайлар жөніндегі ақпараттар болуы мүмкін. Шынында, ақпарат жинау мәселесі ірі фирмалар үшін заңды құбылыс. Алайда шағын және орта кәсіпкерліктер үшін қарапайым сауалнамалардың уақытты босқа өткізу болып табылады. Бұл ретте тағы да Еуропалық «бірігу саясаты»(cohesion policy) көмекке келеді. Бұл саясат негізінде «Шағын бизнестік» (Charter for Small Enterprises) бағдарлама жатыр[7,76-77 беттер]. Бағдарлама бойынша, кәсіпкерлікке қызығушылықты арттыру мақсатымен «Ең үздік бақылау» сияқты түрлі жобалар өткізіледі, ғаламторларда ақпараттың жеткілікті болуын қамтамасыз етеді.

Ақпаратпен қатар қаржыландыру жағынан да мемлекеттің қолдауы кәсіпкерліктің дамуына мүмкіндік береді. Шағын және орта бизнес субъектілерінің жеңілдік несиелік ресурстарға кеңінен қол жеткізуі үшін «Даму» қоры шағын және орта бизнесті қолдаудың төмендегідей қаржылық құралдарын әзірлеген болатын:

1. 2009-2012 жж. арналған «Даму-Қолдау» Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері мен ауыл шаруашылық өнімдерін өңдейтін және тамақ өнімдерін шығаратын ұйымдарды тікелей несиелендіру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнестің сапалы дамуына және олардың Қазақстан Республикасының экономикасын әртараптандыру барысындағы рөлін күшейтуге ықпал ету;

2. Франчайзингті дамыту. Бағдарламаның мақсаты – өзінің қызметін ұлттық және шетелдік коммерциялық кәсіпорындардың сәтті үлгісін қайталау арқылы жүзеге асырып отырған шағын және орта кәсіпкерлікке инвестициялық қолдау жасау;

3. Орта және шағын кәсіпкерліктің несиелерін кепілдендіру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелік ресурстарға кеңейтілген және тең түрде қол жеткізуі мақсатында оларға екінші деңгейлі банктердің алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі жартылай кепілдіктерді ұсыну арқылы қолдау;

4. Аймақтардағы нүктелік қаржыландыру бағдарламалары. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнесті қолдау мен дамыту жөніндегі аймақтық бағдарламаларды жүзеге асырудың тиімділігін сол аймақ үшін басымдылыққа ие болатын салалардағы немесе жекелеген аймақтық бірліктердегі жобаларды қаржыландыру арқылы арттыру;

5. Лизингілік компанияларда негізделген түрде жайғастыру бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты – лизингілік мәмілелерді жеңілдік шартпен қаржыландыру арқылы экономиканың басымдылыққа ие салаларындағы шағын және орта бизнестің мүмкіндіктерін кеңейту және негізгі құралдарын жаңарту мүмкіндігін қамтамасыз ету;

6. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бағдарламалары. Бағдарламаның мақсаты - экономиканың басымдылыққа ие салаларындағы жобаларды жүзеге асырып жатқан шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін олардың банкілік займдар бойынша пайыздарын төлеу жөніндегі шығындарын азайту арқылы қолдау;

7. Аймақтардағы пайыздық мөлшерлемені жергілікті атқару органдарының қатысуымен субсидиялау. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілеріне қолдау мен дамытудың аймақтық бағдарламаларын жүзеге асырудың тиімділігін сол тұлғалардың банкілік займдар бойынша пайыздарын төлеу жөніндегі шығындарын азайту арқылы арттыру;

8. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік қоржындарын Қордың кепілдік етуімен қамсыздандыру. Бағдарламаның мақсаты – шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендірудің көлемін одан әрі арттыру мақсатында активтермен қамсыздандырылған құнды қағаздарды шығару арқылы қаржы тарту[8].

Қорытындылай келе, шағын және орта бизнесті дамыта отырып, ел экономикасын алға жылжыту мақсатын жүзеге асыруда пайда болған мәселерді осы аталған жолдардың көмегімен шешуге болады:

1. Бизнесті ашу барысында әлеуетті кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау, кеңес беретін ақпараттық қолдау орталықтарын ашу;

2. Әрекет етуші және әлеуетті кәсіпкерлерді өз бизнесін ашуда және дамытуда облыстық өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасымен анықталған басымдықты бағыттар бойынша жеңілдікті қаржылық қолдау, оны «мәлдірлік» қағидасына негізделе отырып жүзеге асыру;
3. Кәсіпкерлік белсенділікті инновациялық сипатта дамыту, ол үшін мемлекет тарапынан түрлі қолдау көрсету үшін шетелдік тәжірибені үйрену;
4. Қоғамда кәсіпкерлікке қолайлы жағдай қалыптастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық жетістік – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты 2010 жылғы Елбасының жолдауынан, 15-ші бет.
- 2 Елбасының 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы Қазақстан халқына жолдауынан.
- 3 «www.bnews.kz».
- 4 Л.Фиглин «Қоғамдық жауапкершілік және басқарудың териялық, практикалық мәселелері», 2003 жыл, 88 бет.
- 5 government.kz_ сайтының site/news/2013/003/33 парағынан
- 6 И.В.Бойко «Инновациялық дамудан жалтара аламыз ба?» - <http://www.opec.ru>
- 7 «Шағын және орта бизнесті кеңейту» тақырыбы бойынша 2006 жылғы ғылыми конференция материалдырының басылымы, Алматы қаласы, 76-77 беттер.
- 8 baq.kz электрондық газет сайтынан алынған ақпарат.

Резюме

В статье рассматриваются экономическая и социальная деятельности малого и среднего бизнеса в рыночной экономике. Экономическая роль малого и среднего бизнеса проявляется в том, что она влияет на внутренний валовый доход, на структуру экономики и на формирование конкурентоспособности в экономической среде. Также укрепляет экономическую независимость народа и способствует увеличению способности платы спроса.

Resume

The article discusses the economic and social activities of small and medium-sized businesses in a market economy. The economic role of small and medium-sized businesses is manifested in the fact that it affects the gross domestic income, the economic structure and the formation of a competitive economic environment. Small and medium-sized businesses strengthen the economic independence of people and contribute by increasing demand's *ability to pay*.

Özet

Makalede bir piyasa ekonomisinde küçük ve orta ölçekli işletmelerin ekonomik ve sosyal faaliyetleri ele alınmaktadır. Küçük ve orta ölçekli işletmelerin ekonomik rolü yurtiçi gelirlerinde, faydası ve rekabetçi bir ekonomik ortamın oluşmasını etkileyen faktörlerdendir. İnsanların ekonomik bağımsızlığını güçlendirir ve ödeme talep yeteneğini azaltarak katkıda bulunmaktadır.